Елі үшін туған - Елбасы

Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет • Районная общественно-политическая газета •

№48 (7979) 27. 11. 2021.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А.Абдиновтың Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды 1 желтоқсан –- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймын.

Бұл мерекенің ел тарихындағы орны ерекше. Өйткені Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, экономикасы қуатты, еңселі ел атануы Елбасымыздың есімімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл күн жалпы халық болып атап өтетін мерекеге айналды.

Тәуелсіздік жылдарында көшбасшымыз жүргізген салиқалы саясаттың арқасында елімізді мекендеген түрлі этностар өзара татулықта өмір сүруде. Қазақстан әлемнің алпауыт елдерімен тең дәрежеде әріптестік орнатып, ғаламдық маңызды бастамалардың ордасына айналды.

Әлем жұрты елімізді көптеген игі істермен танып-білуде. Бұл жүйелі жоспар мен қажырлы еңбектің арқасы. Азаматтарымыздың бойында елдік сана, ертеңге деген сенім қалыптасты.

Елбасымыз қазығын қағып, болашағын бағдарлаған арайлы Елордамыз да бүгінде әлемнің үздік шаһарларының бірі атанды. Осындай ұлт көсемінің қажырлы еңбектері мен жетістіктерін жас ұрпаққа ұлықтай отырып, нағыз елжандылық пен отансүйгіштік, азаматтық пен парасаттылық қасиеттерін бойларына қалыптастыруымыз қажет.

Елімізде саяси тұрақтылықты сақтап, татулық пен бірліктің, келісім мен түсіністіктің орнауы, халқымыздың зор жетістіктерге жетуі – Елбасының сарабдал саясатының жемісі. Сол себепті де кемеңгер көшбасшымыздың қоғам өміріне арнаған ерен еңбегін бағалай білу - баршамыздың парызымыз.

Қадірлі жерлестер!

Сіздерді тағы да Тұңғыш Президент күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, елімізге ынтымақ, бірлік тілеймін. Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік бола берсін!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с Днем Первого Президента Республики Казахстан

Уважаемые жители района!

Поздравляю всех с 1 декабря - Днем Первого Президента Республики Казахстан!

Этот праздник занимает особое место в истории страны. Ведь с именем Елбасы неразрывно связано становление Казахстана, как независимого государства, построение страны с крепкой экономикой. Поэтому сегодняшний день стал народным праздником, который отмечают по всей стране.

Благодаря мудрой политике, проводимой Главой государства за годы независимости, различные этносы, населявшие нашу страну, живут во взаимном согласии. Казахстан на равных сотрудничает с крупнейшими странами мира и стал центром глобально значимых инициатив.

Мир узнает нашу страну по многочисленным добрым делам. И все это благодаря системному плану и кропотливой работе. У наших граждан сформировалось гражданское сознание, уверенность в завтрашнем дне.

Сегодня наша столица стала одним из лучших городов мира. Мы должны прививать молодому поколению такие качества, как самоотверженность и патриотизм, гражданственность и добропорядочность.

Сохранение политической стабильности в стране, установление мира и единства, согласия и взаимопонимания, достижение больших успехов нашего народа – это результат взвешенной политики Елбасы. Поэтому мы обязаны ценить заслуги нашего гениального лидера в жизни общества.

Уважаемые земляки!

Еще раз поздравляю вас с Днем Первого Президента и желаю вашим семьям благополучия, солидарности, единства! Пусть дух поколения, выросшего в свободной стране, всегда будет на высоте!

Қоғамдық қабылдау өткізді

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында аудан әкімінің орынбасары Д.Қанағатов тұрғындарды мазалап жүрген мәселелерін шешу, сұрақтарына жауап беру мақсатында қоғамдық қабылдау өткізді. Оған бөлім, мекеме басшылары мен тиісті орган өкілдері қатысып, бірқатар мәселелер талқыланды.

Қабылдауға келген тұрғындардың көпшілігі баспана алу және үй кезегінен түсіп қалу, оның артқа жылжып кетуі бойынша жүгінді.

Шара барысында ауыз сумен қамтамасыз ету, интернет желісін тарту сынды тақырыптар да көтерілді.

Жалдамалы пәтерде тұрып жатқан жалғызбасты анаға қала әкімі тегін көмір түсіріп беретіндігін айтып өтті. Сондай-ақ Үшаралдың шеткері көшелері қардан кешеуілдетіп тазартылып жататындығын жеткізген қала тұрғынына бұл мәселенің шешілетіндігіне уәде берді.

Халықтың өтініштерін мұқият тыңдаған аудан басшысының орынбасары олардың тарапынан айтылған мәселелердің оңтайлы шешімін табуы үшін заңдылығына сәйкес жұмыстар жасалып, өтініштерінің ескерілетіндігін тілге тиек етті.

А.ТАУЫМОВА.

Баспасөз - 2022

«Алакөл» – әр үйге

Құрметті оқырман!

Бүгінде еліміз өте бір күрделі кезеңді бастан өткеруде. Сәл саябырсығанымен екі жылдан бері дүние жүзін жайлаған індеттен арыла алмай келеміз. Әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономикамызды оңалту бағытында түрлі шаралар қабылданып жатқанымен әлі де болса тығырықтан шыға алмай отырған жайымыз бар.

Осындай шақта өңіріміздің тыныс-тіршілігінен хабардар болуда сіздерге «Алакөл» газеті көмекке келеді. Баршаңызды төл басылымдарыңызбен белсенді қарым-қатынас жасауға шақырамыз.

Газетке 2022 жылға жазылу басталды. «Алакөлді» әр шаңырақтан көрсек дейміз.

Газеттің жылдық жазылу бағасы:

Жеке адамдар үшін- 4999 теңге 78 тиын, индексі 66551.

Зейнеткерлер үшін- 4499 теңге 52 тиын, индексі 36551.

Мекемелер үшін - 6371 теңге, индексі 16551.

Ұлтын сүйген ұлы тұлға

Тарлан тарихқа қайырылып қарасақ еліміздің абырой-беделінің артуында мемлекетімізді халықаралық сахнада танымал ете білген дарынды тұлға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі аталады.

Иә, киелі-құтты еліміздің өткені мен бүгініне зер салсақ салыстыруға да келмейді. 1991 жылы мемлекетіміз тәуелсіздік алғанымен, оның заңнамалық базасы болмады, өзге елдермен арада қарым-қатынас тетігі орнатылмады. Бұған қоса, экономикалық және саяси даму жолымызды айқындауымыз керек болды. Ал бұл жұмыстардың басы-қасында үнемі Н.Назарбаевтың жүргені айтпаса да түсінікті жайт. 30 жылдық тәуелсіздік жолында еліміздің жеткен әрбір жетістігінің артында Елбасының қолтаңбасы тұрғаны жасырын емес.

Елбасының Днепродзержинскідегі оқуда – староста, металлургиялық комбинатта – партком хатшысы, Министрлер кеңесінің төрағасы, одан соң Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарғаны байыптап қарасақ бала кезінен көшбасшылыққа ұмтылғаның белгісі. Ол бүгінде көрегендігі мен саяси сауаттылығының арқасында әлемдік ауқымдағы саясаткерге айналды. Көпэтносты, көпконфессиялы елді жаһанға жетістігі бар мемлекет ретінде қабылдата білді. Ертеңгі күнді ой елегінен өткізіп, қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік салаларын сауықтыру мақсатында түрлі реформаларды іске асырды. Қазақ елінің қайта жаңғыруына, халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуіне және болашаққа деген ұмтылысына баса мән берді.

Әлемдік көшбасшылармен арада қалыптасқан жеке достық қарым-қатынастары оң ықпал етті. Мемлекет басшылары Қазақстан Президентінің ядролық қарусыздандыру, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, дінаралық диалогты жолға қою салаларындағы ғаламат еңбегін мойындады.

Межелеген мақсаттарға жету үшін қандай үлкен шыдамдылық пен қанша күш жұмсалғанын елестету қиын. Шын мәнінде, бүгінгі Қазақстан – біздің бірлігі бекем халқымыздың ерен еңбегінің арқасы, Елбасымыздың орасан зор қызметінің көрінісі деп білемін.

С.БЕКБОЛАТОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ел есінде жатталған Елбасы

1 желтоқсан – ел тарихы үшін елеулі күн, себебі егемен Қазақстанның негізін салушы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұңғыш рет дәл осы күні еліміздің басшысы болып сайланды. Қазіргі таңда біз Елбасының басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналдық.

Н.Назарбаев – еліміздің дамып, қуатының артуына үлкен үлес қосқан дара тұлға. Барша халыққа теңдей жағдай жасатып, татулық пен достықты орнатты. Өзінің көрегенділігімен, шешендігімен, әрбір істі байыппен, ақылмен шешуімен - өскелең ұрпаққа үлгі бола білді. Соның арқасында Қазақ елі әлем тарихында салмақты рөлдерді иемденді. Ұлы даланың бүгіні мен өткенін барлық тынысымен түсініп, елінің ендігі тарихын сол ұлылар рухында одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, ар-намыстан жаралған қайтпас-қайсар қайраткер.

Жалпы елдің іргетасын қалаған тұлғаларды ардақтау, олардың билікке келген күнін ұлттық мейрам ретінде атап өту – өркениетті жұрттардың дәстүрі. Бұқара көшін бастаған кезден-ақ көрегендік танытқан Елбасының жүргізген қазақстандық даму жолы мен моделі әлем қайраткерлері тарапынан зор қызығушылық туғызды. Өзге мемлекеттерден ерекшеленіп, ешкімге ұқсамайтын экономикалық өркендеу жолына да түстік. Даму қарқыны жағынан XXI ғасырдағы көшбастаушы мемлекеттердің қатарына қосылдық. Қазақстан әлемде өзінің саяси орнын айқындай алды. Ұлттың қамын ойлайтын, келешекті болжайтын дана саясат ұстанып, жас мемлекетті экономикасы орнықты 50 елдің қатарына қосты. Қазақстан кешегі тоталитарлық жүйенің түйіндерін шешіп, зайырлы, құқықты мемлекетке айналып үлгерді.

Тұңғыш Президент күні тәуелсіздігімізбен тұспа-тұс келетін мерекелеріміздің бірі. Басшы мен бұқара арасындағы өзара келісім мен түсіністік арқасында мемлекетіміз тыныштық пен татулықтың, ынтымақ пен ырыстың үстемдік құрып отырған кезеңіне де қол жеткізді.

М.АХМЕТОВ,
Ақтүбек ауылдық округінің әкімі.

Гордимся лидером нации

Писать о Лидере нации нашей Республики почтет за честь каждый настоящий гражданин. Тем более, наше процветающее государство располагает к этому: Казахстан за годы становления Независимости, совершил мощный рывок к ее вершинам. Несомненно, наша страна сейчас уверенно стоит на ногах, радует своей стабильностью, авторитетом в мировом политическом пространстве. Каждый человек – строитель своего государства, и должен знать ее историю.

Нурсултан Абишевич Назарбаев… Это имя знают все, от мала до велика. Ему с надеждой и доверчивостью несет свои заботы, свои надежды и чаяния народ Казахстана. Он – Первый Президент республики. Именно он стоял у истоков становления нового государства, граждане которого с радостью говорят, что живут в свободной суверенной стране. Граждане, которые с уверенностью смотрят в будущее, ничуть не сомневаясь в правильности выбранного пути.

Все знают, что с юных лет он отличался стратегическим мышлением, способностью вести за собой и достигать успеха в любом начинании. Истинными чертами его натуры является независимость суждения и поведения, прагматичный подход к решению политических и экономических проблем.

Благодаря ему в Казахстане единой семьёй живёт девятнадцать миллионов человек, представителей более ста пятидесяти национальностей и народностей. Я сам азербайджанец и не перестаю удивляться тому, как дружно уживаются в нашей стране люди разных наций, говорящие на разных языках, исповедующие разные религии. И всё это сопровождается не только хорошим отношением, но и симпатией друг к другу. На казахском, русском, немецком, азербайджанском, грузинском, чеченском, ингушском, корейском, татарском и других языках издаются книги и газеты, работают национальные театры, эстрадные ансамбли, передаются национальные программы на радио и телевидении. Всех нас, людей разных национальностей, объединяет общее: мы - народ Казахстана.

Каждый из нас гордиться своей землей, страной, народом и историей. Ведь очень важно помнить о прошлом и знать настоящее, чтобы построить светлое будущее.

Щедра казахская земля и характер у казахского народа тоже щедр и гостеприимен. Всем живущим здесь нужно знать язык, историю и обычаи казахского народа. И пусть звучат над этой землёй напевы домбры, украинские и азербайджанские песни. Пусть танцуют люди польку и лезгинку. Народ Казахстана един. Это поможет сохранить мир на древней, прекрасной казахстанской земле. А мир – важнейшее условие будущего процветания.

Когда-то первый Президент Республики Казахстан сказал: «Только та страна живет счастливо и богато, которая сильна своим единством, радостна своим трудом, дружна своими людьми».

Я считаю, что Н.Назарбаев это тот самый герой, достойный быть примером для будущих поколений, кто так много сделал для своей страны. День Первого Президента, отмечаемый первого декабря, - это дань доверия и уважения со стороны народа независимого государства.

Р. УМАТХАДЖИЕВ,
связист радиообеспечения в/ч 01852.

Наша причина успеха

На протяжении многих лет казахский народ мечтал стать независимым. Хотел жить счастливо. Эта мечта сбылась 1 декабря 1991 года. В этот же день Первым Президентом Республики Казахстан был избран Нурсултан Абишевич Назарбаев. А 16 декабря Казахстан обрел независимость. Это был большой шаг молодой республики в новую жизнь. И все это благодаря лидеру – великой личности, которая никогда не сдается.

В самые трудные времена нашему народу удалось взять власть в свои руки, выйти из сложной экономической ситуации. Поэтому можно говорить уверенно, что имя Первого Президента навсегда останется в истории. Ведь все, что он делал, он делал для благополучия и светлого будущего всей страны.

Сегодня население Казахстана увеличилось до 19 миллионов человек. Казахстан вошел в число развитых стран. Нет, я не хочу сказать, что нет проблем, но у нас есть мирное небо над головой, наши люди не стоят на границах других государств в ожидании помощи и крова. Мы научились справляться со множеством трудностей. Хорошо развивается предпринимательство. Дети имеют доступ к качественному образованию, а педагоги постоянно повышают уровень своих знаний, а тем более приятно в сфере образования увеличена заработная плата. Жить в такой стране - не мечта?!

Многонациональный Казахстан стал домом для десятков народностей. И все мы в единстве и многоликости уважаем и любим свою родную землю, Родину. Уверена это огромное счастье!

1 декабря – День Первого Президента Республики Казахстан. И каждый казахстанец признает, что Елбасы за эти годы работы привел республику к значительным достижениям. Именно он причина успеха, а его действия ни на миг не ослабляли уважение к нашей стране. По сей день голубой стяг гордо развивается на мировой арене.

Мы верим, что несмотря на преклонный возраст, наш Лидер нации, ведущий здоровый образ жизни, еще увидит с нами немало достижений Казахстана. Мы желаем ему здоровья, единства и силы духа, особенно в преддверии 30 – летнего юбилея Независимости Республики Казахстан.

С. ДЖАНБАЕВА,
учитель начальных классов Лепсинской СШ.

Спорт беті

Балуандар бәсекеге түсті

Бір қуантарлығы алакөлдік атпал азаматтар, жомарттығы бір төбе болар жерлестеріміз халыққа көмек қолын созудан шегінген емес. Бұл сонау ықылым заманнан бері тамыры үзілмеген ізгі қасиетіміздің бірі.

Соның ішінде спорт саласының дамуына, жас өрендердің додалардан шөліркеп қалмауына жаңаша жол ашып жүргендер де жетерлік. Жуырда сондай жарыстың куәсі болдық.

Спорт десе ішкен асын жерге қояр, осы саланың нағыз жанашыры Ғалымбек Жақанбаевтың демеушілігімен, сондай-ақ аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйытқы болуымен жуырда дзюдо күресінен облыстық турнир түңлігін түрді.

Жетісу жерінің түкпір-түкпірінен келген балуандар бас жүлдені тақымға басу мақсатында дайындықтарын да үдеткен, төзімдерін де қатайтқан. Себебі бұл доданың өзге сайыстардан ерекшелігі арнайы белбеудің сарапқа салынуы еді.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі А.Абдинов жиналғандарға спорт саласының адам өмірін өзгертуге, денінің сау болуына қаншалықты әсер ететіндігін тілге тиек етіп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Марапаты мадақтауға тұрарлық бәсекеге барлығы 300-ге жуық балуан жиналған. Жас пен салмақ ерекшелігіне қарай белдескен спортшылар айла-тәсілдің бәрін жасап бақты. Жауырындарын жерге тигізбеуге тырысқан жеткіншектердің көзінен жалын мен жігер, бойынан рух пен өжеттікті байқауға болады.

Жеңіс тұғырынан көрінгендерге жеңімпаз белбеуі, арнайы дайындалған медальдар мен дипломдар табысталды.

Осы ретте жастардың уақытын тиімді пайдаланып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан Ғ.Жақанбаевқа халықтың атынан алғыс білдіреміз.

А.ЕСЕНБЕКОВ.

Ардагеріміз жарады

Жуырда ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Талдықорған қаласында ардагер спортшылар арасында шахмат пен дойбыдан облыстық турнир жалауын желбіреткен болатын.

Өңір намысын қорғап барған спортшыларымыз жерге қаратпады.

Аудан спортының дамуына, өскелең ұрпақты осы бағытқа баулуға өзіндік үлесін қосып жүрген ақсақал, ала тақтадағы тартыста талай қарсыластарын оза шапқан шахматшы Темірболат Кәріпжанов үшінші орынды иеленді.

Шахмат жасқа қарайтын спорт емес. Ақыл мен айланың, тапқырлық пен қарсыластан бұрын ойлана білудің, зерек зейіннің тартысы. Бұл ретте облыстағы мықты ардагер шахматшылардың арасында үздік нәтиже көрсеткен Темірболат ақсақалға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Иегіндегі сақалы мен иығындағы шапанының салмағына қарамастан аудан намысын қорғап, жүлделі орынға жайғасты. Жеңісті де жемісті күндер таусылмасын деген тілегіміз бар.

А.ХАНЗАДА.

Турнир по волейболу

В Енбекшинской средней школе состоялся районный молодежный турнир по волейболу среди 5-8 и 9-10 классов в честь заслуженного деятеля образования и спорта, педагога, ветерана физической культуры Д.Байдильдаева.

Надо сказать, что он более 45 лет проработал в сфере образования и прошел путь от простого учителя до директора школы и через все годы пронес особую любовь к волейболу. О чем ярко говорит факт, что в течении 26 лет Даулетхан Бикенович возглавлял этот вид спорта в районе. В результате многолетнего труда его заслуги были отмечены нагрудными знаками «Патриот Казахстана» и «Ветеран спорта».

После торжественного открытия игры состоялись на базах четырех школ: Кызылащинской, Карабулакской, Енбекшинской и Архарлинской.

Главными судьями соревнований выступили в группах старшеклассников Ш.Амиралинов, а у подростков М.Алипов.

Как отметил ответственный за спортивное мероприятие методист по физической культуре и НВП районного отдела образования Б.Сыдыков, соревнования, которые посвящены празднованию 30- летнего юбилея Независимости Республики Казахстан, прошли на хорошем эмоциональном уровне, здесь можно было увидеть и счастье победы и горечь поражения.

В итоге места среди мальчиков команд 5-8 классов распределились следующим образом: 1 - СШ им. М.Аубакирова, 2 – Ушаральская казахская гимназия, 3- Бескольская СШ №14. Девочки: 1 - СШ №1 города Ушарал, 2 - Енбекшинская СШ, 3 – СШ им. М.Аубакирова.

В старшей группе 9-11 классов среди юношей 1 место – СШ им.М.Толебаева, 2 - СШ №1 города Ушарал, 3 – Кызылащинская СШ.

Женские команды: 1 место заняла Ушаральская казахская гимназия, 2 - Кызылкаинская СШ и два третьих места поделили между собой Бескольская СШ №14 и Енбекшинская СШ.

Победители соревнований получили кубки, медали грамоты, а лучшие игроки команд победителей были отмечены денежными призами. Отметим, что спонсором турнира выступил М.Толебаев от фирмы «Мегасервис».

В.ИВАНОВА.

Сержан балуанның құрметіне

Жуырда аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде самбо күресінен жастар арасында әлем чемпионы, спорт шебері Сержан Омаровты еске алу мақсатында дзюдо күресінен ашық республикалық турнир өтті.

«Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы» демекші, 2005-2006 ж.т. ұлдар мен қыздар арасындағы байрақты бәсекеге еліміздің түкпір-түкпірінен 200-ден аса жас саңлақтар жиналды.

«Қазақстанның көк байрағын көкке көтеріңіздер»,- деп сәттілік тіледі.

«ЖЕРСУ» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бақылау кеңесінің төрағасы Б.Оспанов ақжарқын тілегін жеткізді.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Н.Теңізбаев та өзінің жүрек жарды тілегі мен Сержан Омаровтың әлемдік деңгейде әнұранымызды асқақтатқан спортшыларды дайындаған білікті бапкер болғанын айтты.

Аталмыш турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі А.Абдинов спорт саласының қарқынды даму үстінде екенін, ол үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатқанын тілге тиек ете кетті. Сонымен қатар С.Омаровтың құрметіне арналған турнирдің әлі де жалғасын табуына өз септіктерін тигізетінін, ал жарысқа қатысушы дзюдошыларға: «Қазақстанның көк байрағын көкке көтеріңіздер»,- деп сәттілік тіледі.

«ЖЕРСУ» инвестициялық-өндірістік корпорациясының бақылау кеңесінің төрағасы Б.Оспанов ақжарқын тілегін жеткізді.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Н.Теңізбаев та өзінің жүрек жарды тілегі мен Сержан Омаровтың әлемдік деңгейде әнұранымызды асқақтатқан спортшыларды дайындаған білікті бапкер болғанын айтты. Сондай-ақ алыстан ат терлетіп келген қонақтарға арнайы сыйлықтар да табысталды.

Өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстанып өсуі қашан да көңіл қуантарлығы анық. Спорттық бәсекеде жас жеткіншектер бар күштерін салып, жеңіс тұғырына ұмтылды.

Турнирдің қорытындысы бойынша қыздар арасында 40 келіде А.Төлепберген, 70 келіде Б.Естай, 44 келіде Д.Избасарова, 57 келіде С.Әділ, +70 келіде Н.Оразбекова, 48 келіде Н.Зейнул, 52 келіде А.Мерзабаева, 63 келіде Н.Кемелханқызы бірінші орын иегерлері атанды. Ұлдар арасында 50 келіде С.Қойшан, 55 келіде Д.Ермек, 81 келіде Б.Нұрмолда, 66 келіде Ә.Рақыш, 73 келіде Е.Ерболұлы, 90 келіде Е.Нұртаза, +90 келіде А.Алімек бірінші орынды еншіледі.

Бас кубокты Талдықорған қаласынан келген 60 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған А.Дауренұлы алды. Жүлдегерлерге берілген медаль мен дипломдар, кубоктардан бөлек бас жүлде алғандардың бапкерлеріне де арнайы сыйлықтар табысталды.

А. ТАУЫМОВА.

Халық мүддесіне

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде мемлекеттік техникалық инспекция саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтің 4 түрін қағаз немесе Е-лицензиялау және электронды үкімет порталы арқылы бөлімге келмей электронды түрде алуға болады.

Атап айтқанда:

1) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру (бұдан әрі – тракторшы-машинист куәлігін беру).

2) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы және арнайы техникаларды техникалық байқаудан өткізу).

4) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қою мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы және арнайы техникалардың кепілін мемлекеттік тіркеу).

3) Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнаулы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы және арнайы техникаларды техникалық байқаудан өткізу).

Сонымен қатар «e-license.kz» электронды лицензиялау және «e-gov.kz» электронды үкімет порталында ЭЦҚ арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің түрін таңдап, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/267 бұйрығымен бекітілген көрсетілетін қызметтердің қағидасына сәйкес талап етілетін құжаттардың электронды нұсқасын ұсына отырып, электронды түрде алуға болады. Және де көрсетілген қызметтер нәтижесін «e-license.kz» электронды лицензиялау порталы мен «e-gov.kz» электронды үкімет порталындағы жеке кабинетінде орналасқан «хабарламар» функциясында білуге болады.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі.

Ведется контроль

Недавно под председательством заместителя акима района М.Толеужанова, состоялось заседание районной комиссии по защите прав несовершеннолетних. Основная тема очередного заседания - не выполнение родителями своих обязанностей по надлежащему воспитанию детей.

Необходимо отметить, что в некоторых семьях нашего района родители не уделяют должного внимания своим детям. У ученицы 8 класса Кабанбайской СШ №1 установились сложные взаимоотношения между ее бабушкой и матерью. Мать ученицы живет с новой семьей, девочку воспитывают бабушка и дедушка, и ей не хватает внимания родной матери. Было принято решение дать месячный срок родительнице, которая пообещала за это время исправить ситуацию и больше времени заниматься воспитанием своего ребенка.

В другой семье ученица 9 класса СШ им. М.Мынбайулы без разрешения своих родителей ушла из дома поздно вечером. На следующий день она благополучно вернулась домой. С девочкой была проведена беседа, но данный вопрос требует контроля не только со стороны близких, но и администрации школы, классного руководителя и психологов.

На контроле администрации Достыкской СШ №11 находится семья, в которой родители учащейся 5 класса регулярно употребляли алкогольные напитки, и не выполняли родительские обязанности. В данный момент ребенок находится в центре адаптации несовершеннолетних. Как выяснилось отец и мать девочки прошли кодирование от алкогольной зависимости, нашли работу. Они заверили присутствующих, что больше не будут употреблять спиртные напитки и сделают все возможное, чтобы не совершать прошлых ошибок.

Далее был рассмотрен вопрос о семье, в которой ребенку всего два с половиной года, ее воспитанием занимается бабушка. К сожалению матери ребенка уже нет в живых, отец в жизни дочери никакого участия не принимает, находится в городе. Было принято решение помочь заявительнице найти ее сына, который длительное время отсутствует.

Итоги работы подвел М. Толеужанов. «Работа членов нашей комиссии направлена прежде всего на защиту прав несовершеннолетних, к решению конкретной проблемы мы подходим индивидуально, ведется контроль за безответственными родителями. Но необходимо принимать кардинальные меры по улучшению ситуации.

Ш. НУКЕБАЕВА.

Орман – ел дәулеті, жер сәулеті

Адам денсаулығы көбіне қоршаған ортадағы экологиялық ахуалға байланысты. Ал оны жақсартатын жасыл желек екені даусыз. Орманшы қауымының басым бөлігі ауылдарда тұрғанымен, жұмыс орындары тау қойнауында, орман мен өзен бойында, көл жағалауында болатыны заңдылық. Осы екі аралықтағы жолды есептемегенде әр орманшыға өз қарамағындағы жүздеген, тіпті мыңдаған гектар жер телімдерін бақылауына тура келеді. Оны қорғау мен күту уақытты, қаражатты қажет ететіні анық.

Орманшының жұмыс орнында орналасқан үйде тұруы оған төрт түлік ұстап, құс өсіруі, омарта ұстауына тиімді. Осылайша алтын уақытты үнемдеп, әл-ауқатын жақсартуына мүмкіндік туса, тағы бір қыры қызметтік тұрғын үймен қамтылғаны. Жұмысымыз жүйеге түскенімен алдағы уақытта іске асыратын жоспарлар да жетерлік.

Орманды молықтыру, күтіп-баптау, тұқымбақтарда егілімдер, көшеттер өсіру, ағаш өңдеу, шырын шығару сынды қызметтер атқарлып, ағаш кесетін цехтар, станоктар жұмыс жасауда. Қоғамдағы жаңалыққа үн қосу, оны жұмыста жүйелі пайдаланудың маңыздылығын көріп келеміз. Соңғы жылдары алма бақтары мен өзге де ағаштарды зиянкестерден қорғау мақсатында химиялық өңдеу жүргізіліп, өңіріміздегі орман қоры аумағындағы ағаш зиянкестері толығымен жойылды деуге болады. Алманың атасы – жабайы Сиверс алмасының тұқымы сақталып, бүгінде жайқала өсіп, жеміс беруде.

Жыл сайын тұқымбақты одан әрі дамыту, өсірілетін көшеттердің түрлерін көбейту, өнімділігін арттыру шаралары жүргізіледі. Алакөл орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінде тұрақты, базалы тұқымбақ жұмыс істеуде. Тұтынушы сұранысына ие, өтімді көшеттердің түрін көбейту мақсатында тұқымбақта мәңгі жасыл шырша, қарағай балашықтары отырғызылды. Орман күтуші, орманшылар бір-бірімен байланысы жақсарып, өртті дер кезінде анықтау, тез арада сөндіру жұмыстары жақсарғанын да ерекше айтқан жөн. Бұл іске деген жауапкершіліктің артқанының дәлелі деуге болады.

“Өрт – тілсіз жау” деп тегін айтылмаған. Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылардың, малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен болады. Ал оның дала өртіне айналып жататыны да жасырын емес. Өрт қаупі туралы барлық шаруа қожалықтарына ескертулер таратылуда. Сонымен қатар орман шаруашылығы қызметкерлері елді мекендерде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Ж.УМАРОВ,
Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекиясының бас маманы.

Абайлаңыз, пойыз

Пойыздардың адамдарды басып кету деректерінің алдын алу, сондай-ақ балалардың темір жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін ескерту мақсатында Бескөл станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету учаскесінде ағымдағы жылдың 15-19 қараша күндері кең көлемді «ТОҚТАҢЫЗ! Басып кету қауіпі бар!» акциясы ұйымдастырылды.

Осыған байланысты азаматтарды темір жолдың қауіпті аймақ екенін ескерте отырып, темір жол тәртібін бұзбауға және кесіп өтпеуге шақырып, ауыл тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Бескөл ауылдық округі әкімдігі де әлеуметтік желілерге хабарламалар жариялады.

Осы бағыттағы құқық бұзушылық анықталған жағдайда ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 559 бабының 5-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы, яғни ескерту жасауға немесе үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатыны туралы ескертіледі.

Ж.БИДОЛДАХАНОВ,
Бескөл ст. ЖПб бастығы, полиция капитаны.

Утерянный госакт на право частной собственности №0032028, кадастровый номер 03-255-128-118, выданный в 1999 году отделом земельных отношений на имя Дочернее государственное предприятие «Центр фирменного транспортного обслуживания», считать недействительным.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Алматы облыстық филиалы ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес 2021 жылғы 9 желтоқсаннан бастап бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «Республикалық маңызы бар Үшарал-Достық» 180-184 км. 1 іске қосу кешені» автомобиль жолын қайта жаңарту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша жерлерді орман қоры санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыруға қатысты жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Барлық ескертулер және ұсыныстарды беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Алматинский областной филиал АО “НК”«КазАвтоЖол», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 9 декабря 2021 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения, касающиеся перевода земель из категории лесного фонда в земли других категорий по проекту «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Реконструкция автомобильной дороги республиканского значения “Ушарал-Достык” 180-184 км 1 пусковой комплекс».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Желтоқсанның үшінші жұлдызында сағат 11.00-де аудандық мәдениет үйінде ақын, кескіндеме суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, «Құрмет», «Отан патриоты», «Алаш ұстазы», «Өнер, мәдениет және спорт институтына 50 жыл» медальдарының иегері **Қазиев Советхан Бодаубайұлының** ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Сурет, өлең бір текті нәзік тұлға» атты сурет көрмесінің ашылу салтанаты болады. Көрме 13 желтоқсанға дейін жұмыс істейді. Келіңіздер, көріңіздер!

Құжат жоғалту

2007 жылы «Тоқжайлау политехникалық колледжі» МКҚК-ден **Мұнсызбай Хамбардың** атына «Электрондық есептеуіш және есептеуіш машиналар операторы» мамандығы бойынша берілген ТКБ №062415 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Білім және ғылым қызметкерлерінің Талдықорған қалалық жергілікті кәсіподағының атқару комитеті Үшарал қаласының ОПМПК №4 мекеме басшысы Алтынбекова Алма Давлетқанқызына апайы

Алтынбекова Үмітқанның

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Құрылтайшылар:
Алакөл ауданының әкімдігі мен «Алакөл айнасы» ЖШС-і.
Меншік иесі:
«Алакөл айнасы» ЖШС-і.
Директор - бас редактор
Азат ЖАҚЫПБЕК.

Телефондар:
Бас редактор: 3-52-63
Бас редактордың орынбасары: 3-51-74
Оператор: 3-52-68, факс:3-52-63
E-mail: alakred@mail.ru
Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні шығады
Газета выходит один раз в неделю, в субботу

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 10 қазанда тіркеліп, №KZ34VPY00015810 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.
Осы шығарылымның таралымы 4595

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.